

**ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫЛАР,  
ӨЗ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗ БЕН МҮДДЕЛЕРІҢІЗДІ ҚОРҒАУ МАҚСАТЫНДА ЖҮГІНУГЕ  
ҚҰҚЫЛЫСЫЗ:**

**1. ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ БОЙЫНША ӨКІЛЕТТІ ОРҒАН:**

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің тұтынушылардың құқықтарын қорғау Комитеті

Мекен-жай:	Қазақстан Республикасы, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 2-ші подъезд
Кеңсе бөлімі:	+7 (7172) 75-06-88, 75-06-72,
E-mail:	mti@mti.gov.kz
Тұтынушыларға кеңес беру үшін жедел телефон желісі:	+7 (7172) 74-95-28, 74-98-32, 75-06-49, 74-98-36

**2. ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ДАУЛАРЫН СОТҚА ДЕЙІНГІ РЕТТЕУ СУБЪЕКТИСІ:**

«Тұтынушылардың Ұлттық лигасы» РҚБ

Мекен-жай:	050008, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі 164г, 1- кеңсе.
Телефон:	8 (727) 277-89-45, 277-83-46
E-mail:	nlp_astana@mail.ru
Сайт:	www.potrebitel.kz

Сотқа дейінгі реттеу субъектілерінің толық тізімі Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция вице-министрінің 14 қараша 2022 жылғы № 431-НҚ бұйрығында көрсетілген.

**СОНДАЙ АҚ ҚҰҚЫҚТАРЫҢЫЗ МЕН МҮДДЕЛЕРІҢІЗ БҰЗЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ ОРҒАНДАРЫНА ЖҮГІНУГЕ ҚҰҚЫЛЫСЫЗ.**

**ЖАРИЯ ОФЕРТА ШАРТЫ ЖӘНЕ ВЕБ-САЙТ ЖӘНЕ  
ҚОСЫМШАНЫ ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ**

**1. КІРІСПЕ**

Бұл жария оферта шарты аталған веб-сайт және қосымшаны ([www.zara.com](http://www.zara.com)) қолдануды, сондай ақ веб-сайт және қосымшадан тауар сатып алуды (бұдан әрі – «Оферта», «Жария оферта шарты») реттейтін ережелер (төменде атап өтілетін басқа да ережелермен бірге) және шарттардан тұрады. Бұл жария оферта шарты сіздің тапсырысыңыздың жеткізілуге дайын екендігі (бұдан әрі Келісім-шарт») туралы электронды хабарлама алған сәттен бастап Компаниямен келісілген қолданыстағы құқыққа сәйкес белгісіз адамдар ортасына бағытталған сатып алу - сату келісім шарты болып

табылады. Келісім-шарт осы Офертада баяндалған барлық ережелермен толық танысқаныңызды, сөзсіз қабылдағаныңызды және келіскеніңізді растау болып табылады.

**Бұл жария оферта шарты мақсаты үшін веб-сайт тікелей және қосымша да веб сайт ретінде аталатын болады.**

Осы Офертаны, сондай ақ веб-сайтты қолданудан бұрын Құпиялылық және cookie файлдарын қолдану саясатын (бұдан әрі бірге аталатын – «Деректерді қорғау саясаты») мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз.

Аталған веб-сайтты қолдана отырып немесе веб-сайтта тапсырыс орналастыра отырып, сіз Офертаның шарттарын және осы құжатта айтылған басқа да ережелер мен шарттарды орындауға міндеттісіз.

**Егер сіз осы Оферта шартымен немесе Деректерді қорғау саясатымен келіспесеңіз, біз сізден бұл веб-сайтты қолданбауды сұранамыз.**

Аталған Жария офертасы ерекшеліктері, бейнелері, сипаттамалары веб-сайтта орналастырылған тауарды сату туралы ұсынысты қамтиды.

Компания Жария офертасына біржақты тәртіппен кез келген уақытта өзгерістер енгізе алады, бірақ ағымдағы ақпарат веб-сайтта әрдайым қолжетімді болып табылады. Келісім-шарт тараптарының арасындағы қарым-қатынастарды веб-сайтты қолдану уақытында және келісім-шартты жасау сәтінде веб-сайтқа орналастырылған Жария офертасы реттейді.

Егер сізде Оферта шарты, сондай ақ Деректерді қорғау саясаты бойынша сұрақтар туындаса сіз бізбен веб-сайттағы кері байланыс формасы арқылы байланыса аласыз.

Бұл Жария офертасы Қазақстан Республикасының Заңнамасымен (бұдан әрі – «Қолданыстағы құқық») реттеледі.

## **2. БІЗДІҢ ДЕРЕКТЕР**

Веб-сайт Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес тіркелген және өз қызметін жүзеге асыратын компания «Ритейл Групп Казахстан» ЖШС-і тарапынан қолданылады, мекен жайы: Достық даңғылы, 192/2, 050051, Алматы қаласы, Қазақстан, бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) 090940003479 (бұдан әрі – «Компания»).

Клиенттерді сұраулар, ұсыныстар, шағымдар бойынша қолдау қызметі

- Кері байланыс формасы;
- Пошталық мекен-жай: Достық даңғылы 192/2, 050051, Алматы, Қазақстан Республикасы.

Аталған веб-сайт арқылы тауарларды сату Компания тарапынан жүзеге асырылады.

## **3. СІЗДІҢ ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРІҢІЗ**

Бізге берілген ақпарат немесе жеке деректеріңіз Деректерді қорғау саясаты және қолданыстағы құқыққа сәйкес өңделеді.

Бұл веб-сайтты пайдалана және тіркеу рәсімдерін өте отырып, сіз ұсынған жеке деректеріңізді қамтитын ақпаратты жинауға және өңдеуге келісім бересіз, сондай ақ сіө ұсынған бүкіл ақпараттардың сенімді және шындыққа сәйкес екендігін растайсыз.

Компанияның міндетіне сатып алуды жүзеге асыру және (немесе) веб-сайтты қолдану мақсатында сіздің жеке деректеріңізге мониторинг және (немесе) өзгерістер енгізу кірмейді.

#### 4. ВЕБ-САЙТТЫ ҚОЛДАНУ

Бұл веб-сайтты қолдана және (немесе) тапсырыстарды оған орналастыра отырып сіз төмендегі шарттармен келісесіз:

- i. Егер сіз тауарды сатып алу үшін тапсырыс орналастыруға шешім қабылдасаңыз осы Жария офертасының барлық тәртібі және ережелерімен келісесіз;
- ii. Бұл веб-сайтты жарамды тапсырыстарды орналастыру үшін қолдану, тауармен танысу уақытында тауар туралы ақпаратпен танысу;
- iii. Сіз тауарға тек жеке пайдалану үшін тапсырыс бересіз және тауарды қайта сату үшін пайдаланбайсыз;
- iv. Сіздің жалған тапсырыстарды орналастыруға және алаяқтық жасау мақсатындағы тапсырыстарды орналастыруға құқыңыз жоқ. Егер де сіз дәл осындай тапсырыс орналастырсаңыз біз оны жоямыз және мемлекеттік органдарды бұл туралы хабардар етеміз;
- v. Бізге өзіңіздің жарамды электронды поштаңызды, пошталық мекен-жайыңызды және басқа дұрыс байланыс деректеріңізді ұсынасыз;
- vi. Егер сіз тарапыңыздан жасалған іс-әрекеттер біздің тарапымыздан теріс пиғылды болып бағаланса, біз сіздің веб-сайтқа кіру мүмкіндігіңізді жеке тіркелгіңізді бұғаттау арқылы тқтатамыз. Веб-сайтты пайдалана отырып, мұндай тоқтату біздің сөзсіз құқығымыз екендігіне, біз тарапымыздан біржақты тәртіппен жүзеге асырылатындығын және алдын ала ескерту және келісу қажет етпейтіндігімен келісесіз.

Веб-сайтта сұралған барлық қажетті ақпаратты бермесеңіз, сіз тапсырыс бере алмайсыз, сондықтан келісім-шарт жасай алмайсыз.

Веб-сайтта тапсырыс орналастыра отырып сіз Қолданыстағы құқыққа сәйкес өзіңіздің құқық қабілеттілігіңіз бен әрекетке қабілеттілігіңізді растайсыз.

Веб-сайтты қолдануды және (немесе) веб-сайттың функционалы және (немесе) оның қызметін қолдануды аяқтағаннан кейін сіздің тіркелгіңізге және ондағы құпия ақпараттарыңызға рұқсат етілмеген жолмен кіруді болдырмау үшін жеке тіркелгіңізден шығуға өзіңіз толық жауаптысыз.

Сіздің жеке тіркелгіңізге сіздің тіркелгіден шығуды және (немесе) басқа да жеке мәліметтерді қорғау мақсатындағы алдын алу әрекеттерін жасамауыңыз нәтижесінде жеке тіркелгіңізге рұқсат етілмеген кез келген кіру жасалса оған компания жауапты емес.

Сіз жоғарыда айтылған рұқсат етілмеген кез келген кіру және (немесе) сіздің жеке деректеріңіз және (немесе) төлем ақпараттарына заңсыз қол жеткізудің плдын алу мақсатында веб-сайттағы жеке тіркелгіңізге кіру үшін жеке деректеріңіздің құпиялылығын сақтауға (қолданушы аты, құпиясөз (дер) толық жауаптысыз.

Егер сізге тиеселі құқықтарды жүзеге асыруда қолданыстағы заңнаманың құрамына кіретін әрекеттердің, мәселен адалдық, іс-әрекеттің парасаттылығы мен әділдігі, азаматтық заңнаманың талаптарын, қоғамның моральдық принциптерін, сондай-ақ іскерлік этика ережелерін сақтау сияқты қағидаларға қайшы келетін белгілер бар болса Компания сіздің жеке аккаунтыңызды бұғаттау құқығын өзіне қалдырады.

## **5. ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ**

Веб-сайтта ұсынылған өнімді жеткізу қызметі Қазақстан Республикасының аумағында ғана қолжетімді. Алайда жеткізу қызметі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілмейді. Тауарды сіз көрсеткен мекенжайға жеткізу мүмкін болмаса, біз сізге алдын ала хабарлаймыз.

## **6. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛУЫ**

Тапсырысты орналастыру үшін веб-сайтта ұсынылған тауарды онлайн сатып алу процедурасын орындап, «Төлеу» түймесін тінтуірмен басу керек.

Содан кейін сіз тапсырысыңызды растайтын электрондық хат аласыз («Тапсырысты растау»).

Сізге электрондық пошта арқылы тапсырысыңыз жіберілгені туралы хабарланады («Жіберуді растау»).

Тапсырысыңыздың дешифрленген электрондық түбіртегі Тапсырысты растауға қоса беріледі.

Бұл келісім-шартты жасау арқылы сіз тапсырысыңызды растайтын электрондық хабарламаны сіздің веб-сайт арқылы тауар (лар) сатып алғандығыңыздың дәлелі екендігімен келісесіз.

Келісім-шарт бойынша өз құқықтарыңызды уақтылы, толық және тиісті түрде жүзеге асыру сіздің жауапкершілігіңіз болып табылады.

## **7. ЖЕКЕ ЖАЗБАНЫ ТІРКЕУ ЖӘНЕ ҚАТЕЛЕРДІ ТҮЗЕУДІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ**

Веб-сайтта тіркеле отырып, веб-сайттағы жеке тіркелгіңізге кіру үшін қолданушы аты және құпия сөзді жасау кезінде комбинациялар мен символдарды таңдауда толық өзіңіз жауаптысыз. Қолданушы аты және құпия сөзді жасауға қойылатын талаптар мен критерийлерді (комбинациялар және символдардың саны бойынша) белгілеуді Компания өз құқығына қалдырады.

Қолданушы жеке жазбасын тіркеу кезінде өзіңіздің жеке деректеріңізді енгізуде қателіктер анықтасаңыз, сіз ол қателіктерді «Менің жеке жазбам» бөлігінде түзей аласыз.

Сіз сатып алу кезеңінде ұсынылған жеке деректеріңіздегі қателіктерді жоғарыда 2-бапта көрсетілген байланыс деректерін пайдалан отырып біздің клиенттік қызмет сервисі арқылы түзей аласыз.

Сондай ақ [dataprotection@inditex.com](mailto:dataprotection@inditex.com) электрондық пошта мекенжайына хабарлама жіберу арқылы Құпиялылық саясатына сәйкес сізге берілген жеке деректерге өзгерістер енгізу құқығын пайдалана аласыз.

Алдыңғы кезеңде берілген ақпарат дұрыс толтырылмаса, бұл веб-сайт сатып алудың бір кезеңінен келесі кезеңіне өтуге мүмкіндік бермейді.

Бұл веб-сайт сатып алу процесі кезінде себетіңізге қосқан барлық заттардың егжей-тегжейлерін ұсынады, осылайша сіз төлем жасамас бұрын тапсырысыңыздың сипаттамасына өзгерістер енгізе аласыз. Егер сіздің жеке тіркелгіңізге заңсыз кіру және (немесе) сіздің жеке тіркелгіңіз арқылы сатып алудан (лар) хабардар болсаңыз сіздің жеке жазбаңыздың қолданылуымен келесі заңсыз кірулер мен транзакциялардың алдын алуы және жеке тіркелгіңізді бұғаттай алуы үшін Компанияны осындай оқиғалар туралы хабардар ету сіздің міндетіңіз және жауапкершілігіңіз болып табылады.

## **ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ:**

Егер сіз жеке тіркелгіңізде кез келген алаяқтық және рұқсат етілмеген әрекеттер туралы хабардар етпесеңіз Компания сіздің алдыңызда жауапкершілік атқармайды. Және сіздің жеке тіркелгіңіз арқылы жасалған барлық сатып алулар сіздің тарапыңыздан жасалған сатып алулар болып есептеледі.

### **8. ТАУАРДЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ**

Барлық тауарға тапсырыстар тауардың қолжетімділігіне байланысты орындалады.

Тауарды жеткізуде қиындықтар туындаса немесе өнім қоймада жоқ болса, біз сізге ұқсас өнім немесе қоймадағы бірдей немесе жоғары сапалы өнім туралы ақпаратты ұсына аламыз.

Егер қоймада жоқ тауарды ауыстыру ретінде ұсынылатын тауарға тапсырыс бергіңіз келмесе, біз сізге төлеген ақшаңызды қайтаруды өз міндетімізге аламыз.

Веб-сайтты, оның функционалы және қызметін пайдалану арқылы тауарларға тапсырыс беріп сатып ала отырып сіз келесілерді растайсыз:

- i. Тапсырыс берілген тауарлардың толық сипаттамаларымен танысқандығыңызды, сондай ақ Компаниядан тауар туралы кез келген ақпаратты алу құқығына ие екендігіңізден хабардар болғаныңызды; және
- ii. Тапсырыс орналастыру және сатып алу алдын Компаниядан тауар (лар) сипаттамаларын сұраулар салу функциялары мен құралдары туралы хабардар екендігіңізді; және (немесе)
- iii. Тауарды таңдау және тапсырыс беру кезінде сізге хабарланғандығы және тауарды егжей-тегжейлі тексеру үшін Компанияға тиесілі дүкендердің біріне бару мүмкіндігі қарастырылғандығын немесе жоғарыда көрсетілген i. және ii. баптардағы құқықтарыңызды пайдалану және веб-сайттағы қолжетімді ақпаратқа сүйене отырып тауарды сатып алу опциясын таңдағандығыңызды.

### **9. ТАПСЫРЫСТЫ ӨНДЕУДЕН БАС ТАРТУ**

Осы веб-сайттағы кез келген тауарды кез келген уақытта жоюға және осы веб-сайттағы кез келген материалды жоюға немесе өзгерту құқығын өзімізде қалдырамыз.

Біздің барлық тапсырыстарды өндеуге барлық күш-жігерімізді салғандығымызға қарамастан тапсырысты растауды сізге жібергеннен кейін бізді тапсырысты өндеуден бас тартуға мәжбүр ететін ерекше жағдайлар орын алуы мүмкін.

Біз тапсырысты өндеуден кез келген уақытта бас тарту құқығын өзімізде қалдырамыз. Мұндай бас тарту Компанияның сіздің алдыңыздағы қандай да бір жауапкершілігіне алып келмейді.

Біз веб-сайттағы қандай да бір тауарды жою немесе веб-сайттағы қандай да бір материалдың жойылуы немесе өзгертілуіне байланысты сіздің және қандай да бір үшінші тұлғалардың алдында жауапкершілік атқармаймыз, сондай ақ сізге тапсырыстың расталуын жібергеннен кейін тапсырысты өндеуден бас тартуға байланысты да жауапты болып табылмаймыз.

### **10. ЖЕТКІЗУ**

Жоғарыдағы тауардың қолжетімділігіне байланысты 8-баптың тысында, ерекше жағдайлардың туындауынан тыс жағдайларда біз жеткізуді әрбір растауда көрсетілген тауардан (лар) тұратын тапсырысты мерзімнен кешіктірмей жіберуге барлық күш-жігерімізді салуды өз міндетімізге

аламыз, ал жеткізу мерзімі көрсетілмесе таңдалған жеткізу тәсіліне қолданылатын шамалас уақытта жеткізуге, қандай жағдай болмасын тапсырысты растаудан кейін 30 күннен кешіктірмей жіберуді міндетімізге аламыз.

Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, жеткізу аймағында күтпеген жағдайларға байланысты жеткізуде кешігулер болуы мүмкін.

Егер қандай да бір себептермен біз сол күні жеткізе алмасақ, біз сізге жағдай туралы хабарлаймыз және сізге бұрын берілген тапсырысты жаңа жеткізу күнімен алу немесе тапсырыстан бас тарту және толық қайтару көлемін алу мүмкіндігін береміз. Есіңізде болсын, біз кез келген жағдайда сенбі, жексенбі немесе мереке күндері үйіңізге жеткізу жасамаймыз.

Бұл Офертаның мақсаттары үшін, сіз немесе сіз көрсеткен үшінші тұлға немесе тапсырысты растаудың иесі болып табылатын тұлға (жоғарыдағы 6- бапты қараңыз) тапсырысты орналастыру және тауарды сатып алу кезеңінде көрсетілген мекен-жай бойынша тауарды жеткізілуін растау арқылы физикалық тұрғыда тауар(лар)ды алса жеткізілу жүзеге асырылған болып есептеледі.

Егер де жеткізу кезеңінде тауардың қаптамасы бүлінген болса сіз мұны жазбаша түрде барлық жеткізу акттерінде көрсетуге, сондай-ақ ақау(лар)ды сипаттауға, сонымен қатар курьер тарапынан толтырылатын ақау актісіне қол қоюға міндеттісіз.

### **ЕСІҢІЗДЕ САҚТАҢЫЗ:**

**Егер сіз тауарды қабылдау кезінде бүлінгені туралы хабарламаған болсаңыз және ақау актісі рәсімделмеген болса, тауар сізге тиісті түрде және күйінде жеткізілген болып есептеледі.**

## **11. ЖЕТКІЗУ МҮМКІНДІГІНІҢ БОЛМАУЫ**

Егер тапсырысыңыз жеткізуге дайын болған күннен бастап 14 күн өткеннен кейін тапсырысыңыз бізге байланысты емес себептерге байланысты жеткізілмесе, мұндай Келісім-шарт бұзылған болып саналады.

Алайда, Компания Келісім-шарттың осылайша бұзылуына байланысты ешқандай жауапкершілік атқармайды.

Бұған қарамастан, Келісім-шартты бұзу нәтижесінде біз сізден алынған кез келген ақшаны, соның ішінде стандартты жеткізу шығындарын (біз ұсынатын стандартты жеткізу әдісінен басқа жеткізу әдісін таңдауыңызға байланысты қосымша жеткізу шығындарын қоспағанда) келісім-шарт бұзылған күннен бастап қандай да бір негізсіз кідіртулерсіз 14 сағат ішінде қайтарамыз.

### **Назарға алыңыз:**

Келісім-шартты бұзу көлік пен курьерге қосымша шығындармен байланысты болуы мүмкін, оны төлеуге тура келеді.

## **12. КЕЗДЕЙСОҚ ЖОЙЫЛУ ЖӘНЕ МЕНШІК ИЕСІ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ АУЫСУЫ ТӘУЕКЕЛІ**

Кездейсоқ жойылу немесе тауардың бүлінуі тәуекелі сізге тауар (лар) дың жеткізілу уақытынан бастап өтеді. Тауарға меншік иесі құқығы сізге тауардың жеткізілу уақытынан бастап өтеді (жоғарыда 10-бапта көрсетілгендей).

### **13. БАҒАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ**

Тауардың бағасы әрқашан біздің веб-сайтта жарияланған баға болып табылады және бұл баға анық қате жағдайларын есептемегенде, келісім-шартқа сәйкес тауардың бағасы болып табылады.

Веб-сайтта көрсетілген барлық бағалардың дәл болуын қамтамасыз ету үшін бар күш-жігерімізді салғанымызбен, қателер болуы мүмкіндігі бар.

Егер сіз тапсырыс берген кез келген тауардың бағасында қатені анықтасақ, біз сізге дереу хабарлаймыз және тауардың дұрыс бағасымен тапсырысыңызды растау немесе тапсырыстан бас тарту таңдауын береміз.

Біз сізбен байланыса алмаған жағдайда, тапсырысыңыз жойылды деп есептеледі және тауар(лар) үшін жасаған кез келген төлем сізге толығымен қайтарылады.

Біздің веб-сайтта көрсетілген бағалар ҚҚС-ты қамтиды, бірақ «Жеткізу түрлері мен құны» бөлімінде көрсетілген преysкурантқа сәйкес тапсырыстың жалпы сомасына қосылатын жеткізу шығындарын қамтымайды.

Веб-сайттағы бағалар кез келген уақытта өзгеруі мүмкін. Алайда, жоғарыда қарастырылған жағдайларды қоспағанда, кез келген баға өзгерісі растау берілген тапсырысқа әсер етпейді.

Сатып алғыңыз келетін барлық тауар бірліктерін таңдағаннан кейін олар себетіңізге қосылады.

Келесі қадам - әр қадамда сұралатын ақпаратты толтыру немесе растау арқылы сатып алу процесінің барлық қадамдарын жасау.

Сонымен қатар, сатып алу процесінде, төлем жасамас бұрын, тапсырысыңыздың мәліметтерін өзгертуіңізге болады.

Сатып алу процесінің егжей-тегжейлі сипаттамасымен «Көмек» бөлімінде толық таныса аласыз.

Сондай-ақ, егер сіз тіркелген пайдаланушы болсаңыз, сіз берген барлық тапсырыстар туралы ақпарат «Менің тапсырыстарым» бөлімінде қолжетімді.

Төлем әдісі ретінде Visa International, Mastercard Worldwide, American Express жүйелерінің карталарын пайдаланып веб-сайтта банк картасымен төлеуді таңдауға болады.

Сіз кез келген төлем ақпаратының, соның ішінде деректемелердің, банк карталарыңыздың қауіпсіздік кодын және веб-сайтта транзакцияны жүргізу үшін банк картаңызды пайдалану үшін қажет болуы мүмкін басқа ақпараттың құпиялылығы үшін толық өзіңіз жауаптысыз.

Осылайша, Компания сіздің келісіміңізсіз (немесе) рұқсатыңызсыз банк картаңызға қол жеткізген кез келген үшінші тараптың сіздің банк картаңызды пайдалана отырып рұқсат етілмеген кез келген транзакциялары үшін жауапкершілік көтермейді.

Осыған байланысты банк картаңызды біреуге беруге немесе банк картаңыз туралы кез келген ақпаратпен ешкіммен бөліспеуге кеңес береміз, сонымен қатар банк картаңызға заңсыз қол жеткізуді болдырмау үшін жалпы қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұсынамыз.

### **14. ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ**

Қолданыстағы ережелерге сәйкес, веб-сайт арқылы жасалған барлық сатып алуларға қосылған құн салығы (ҚҚС) төленуі тиіс.

## **15. АЙЫРБАСТАУ ЖӘНЕ ҚАЙТАРУ САЯСАТЫ**

### **15.1 Қолданыстағы заңға сәйкес қайтару құқығы**

#### **Бас тарту құқығы**

Тұтынушы ретінде сіз төмендегі ережелерді ескере отырып, 30 күн ішінде келісім-шарттан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылысыз.

#### **Компанияға қайтарылатын тауарлар келесі талаптарға сай болуы керек:**

- Тауар қолданылмаған болуы, киілмеген немесе басқаша түрде пайдаланылмаған болуы қажет;
- Тауардың тауарлық бейнесі сақталуы тиіс;
- Тауардағы барлық белгілер мен ішкі этикеткалар сақталуы керек;
- Тауарлар тозбаған және (немесе) бүлінбеген болуы тиіс.

Тауарларды қайтару және келісім-шарттан бас тарту кезінде (толық немесе ішінара) сіз қайтарып жатқан тауардың осы веб-сайт арқылы Компаниядан сатып алынғанын дәлелдеуіңіз керек.

Төмендегі санаттардың біріне жататын Тауарлар қайтарылуға жатпайды және оларды сатып алғаннан кейін Компания кері қабылдамайды:

- i. іш киімдер;
- ii. шұлық бұйымдары;
- iii. метражды тауарлар, атап айтқанда, барлық үлгідегі талшықтардан жасалған маталар, трикотаж және перде маталары, жасанды үлбір, кілемдер, тоқыма емес материалдар, таспалар, шілтерлер, өрімдер, сымдар, баулар, кабельдер, линолеум, багет, пленкалар, клеенкалар;
- iv. Қолданыстағы құқыққа сәйкес басқа да тауарлар.

Тауардан біржақты бас тарту мерзімі тауар сізге немесе сіз көрсеткен үшінші тұлғаға (курьерден басқа) берілген күннен бастап 30 күннен кейін аяқталады, егер бір тапсырыста бөлек жеткізілетін бірнеше тауар болса, онда тиісті тапсырыстың соңғы бірлігі сізге немесе сіз ұсынған үшінші тұлғаға (курьерден басқа) тапсырылған күннен бастап 30 күн өткен соң.

Келісім-шарттан біржақты бас тарту және тауарды қайтару құқығын жүзеге асыру үшін сіз жоғарыда 2-бапта көрсетілген байланыс ақпаратын пайдалана отырып, бізге хабарлай аласыз.

Келісім-шарттан бас тарту туралы хабарламаны «Көмек» бөлімінде орналасқан келісім-шарттан бас тартудың стандартты формасы арқылы жасауға болады.

#### **Бір жақты бас тартудың салдарлары**

Егер сіз Келісім-шартты біржақты тәртіппен бұзуды шешсеңіз және мұндай бұзу заңды болса, біз сізге сізден алған барлық тиісті төлемдерді, соның ішінде барлық стандартты жеткізу шығындарын (стандартты түрден басқа жеткізу түрін таңдауға байланысты қосымша жеткізу шығындарын қоспағанда), Келісім-шарт бұзылған күннен бастап 30 күн ішінде қандай да бір негізсіз кідіртулерсіз қайтарамыз.

Төлемді қайтару тапсырыс беру кезінде қолданылған әдіспен жүзеге асырылады.

Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, біз сізден қайтарылған тауарды алмайынша төлемді



қайтаруды тоқтата аламыз.

Сіз бізге тауарды пошта арқылы жіберуіңіз немесе келесі құжаттармен бірге Қазақстан Республикасындағы ZARA дүкендерінің бірінде тауарды бізге қолма-қол тапсыруыңыз қажет: тауарды қайтару туралы өтініштің түпнұсқасы, қағазға басылып шығарылған фискалдық түбіртек.

Тауар көрсетілген құжаттармен бірге Компанияға еш кідіріссіз қайтарылуы немесе берілуі тиіс, бірақ сіз осы Келісім-шартты біржақты бұзу туралы бізге хабарлаған күннен бастап 30 күннен кешіктірмей.

Көрсетілген 30 күндік мерзім аяқталғанға дейін тауарды бізге жіберсеңіз, бұл талап қанағаттандырылған болып есептеледі. Осы веб-сайтта ұсынылған қайтару туралы өтініш формасы басып шығарылып, сіз қол қойып, қайтарылатын заттармен бірге бізге ұсынылуы керек екенін ескеріңіз.

Тауарды Қазақстан Республикасындағы ZARA дүкендерінің бірі арқылы тікелей қайтару жағдайларын немесе осы келісім-шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, тауарды қайтару бойынша шығындарды өзіңіз көтересіз.

## **15.2 Жалпы ережелер**

Сіз келісім-шарттан бас тарту құқығына ие емессіз, егер шарттың мазмұны жоғарыда 15.1 бапта тізімделген тауарларға байланысты болса.

Сіздің келісім-шартты бұзу құқығыңыз жоғарыдағы 15.1 бапта тізімделген шарттарға сәйкес тауарларға ғана қатысты болып табылады.

Сондықтан, сіз тауарға иелік ету кезеңінде тауарға мұқият болуыңыз керек. Кез келген тауарды, қаптамаларымен бірге немесе, осындай тауардың түпнұсқалық қаптамасында, нұсқаулары мен басқа құжаттарымен бірге қайтарыңыз. Кез келген жағдайда, тауарды қайтару кезінде онымен бірге фискалдық түбіртек ұсыну қажет.

Келісім-шарттан біржақты бас тартқан жағдайда, тиісті тауарлар келесідей қайтарылуы тиіс:

(i) ZARA дүкеніне қайтару:

Сіз кез келген тауарды Қазақстан Республикасындағы кез келген ZARA дүкеніне қайтара аласыз. Тауарды осылай қайтарған жағдайда сіз дүкенге барып, тауарды түпнұсқалық қаптамада, сонымен қатар WEBKASSA-дан басылған фискалдық түбіртеппен, сондай-ақ тапсырыстың QR коды бар электронды түбіртегімен бірге көрсетуіңіз керек.

QR кодын жеке кабинетте табуға және ұялы телефон экранында көрсетуге болады.

*\* WebKassa фискалдық түбіртегі тапсырыстың рәсімделуі кезінде банк картасымен алдын ала төлеу кезінде беріледі. Оны тапсырыс туралы ақпараттан табуға болады: +ОПЦИЯЛАР – Шот-фактураларды көру - WebKassa Түбіртегі.*

(ii) курьерлік жеткізу арқылы қайтару:

Біз ұйымдастырған курьерлік жеткізу арқылы қайтару кезінде сіз көрсеткен мекен-жай бойынша курьердің тауарды алып кетуін ұйымдастыру үшін веб-сайттағы форма арқылы бізбен

байланысуыңыз керек. Біздің веб-сайттың «ТАУАРДЫ ҚАЙТАРУ» бөліміндегі нұсқауларды орындай отырып, тауарды сіз алған қорапта қайтаруыңыз керек.

Бұл жағдайда сіз тауарды қайтару туралы өтінішті және WEBKASSA-дан басылған фискалдық түбіртектегі ұсынуыңыз қажет.

*\* WebKassa фискалдық түбіртегі тапсырыстың рәсімделуі кезінде банк картасымен алдын ала төлеу кезінде беріледі. Оны тапсырыс туралы ақпараттан табуға болады: +ОПЦИЯЛАР – Шот-фактураларды көру - WebKassa Түбіртегі.*

Біз қайтарылған тауарды тиісті түрде тексеруді және ақшаны қайтаруға құқығыңыз туралы хабардар етуді өз міндетімізге аламыз.

Төлемді қайтару ең қысқа мерзімде, кез келген жағдайда жоғарыда көрсетілгендей қайтаруға құқығыңыз бар екенін растаған күннен бастап 14 күн ішінде беріледі.

Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, біз сізден қайтарылған тауарларды алмайынша төлемді қайтаруды тоқтата аламыз.

Сіз жоғарыда көрсетілгендей тауарды қайтаруға байланысты шығындар мен тәуекелдерді өзіңізге қабылдайсыз.

Егер сізде қосымша сұрақтар туындаса веб-сайттағы кері байланыс формасын пайдалана отырып немесе жоғарыда 2-бапта көрсетілген байланыс мәліметтерін пайдалана отырып бізбен байланыса аласыз.

### **15.3 Сапасы сәйкес келмейтін тауарларды қайтару**

Егер сіздің пікіріңізше, тауар жеткізу кезінде келісім-шарттың талаптарына сәйкес келмесе, сіз дереу веб-сайттағы кері байланыс нысаны арқылы бізбен байланысып, тауарлар мен олардың зақымдануы туралы ақпарат беруіңіз керек.

Сіз тауарды Қазақстан Республикасындағы кез келген ZARA дүкеніне қайтаруыңыз керек немесе сіз көрсеткен мекенжай бойынша біз жіберген курьерге тапсыруыңыз керек.

Тауарды алғаннан кейін біз тауарды мұқият тексеруге міндеттенеміз және ұсынылған тауарды алғаннан кейін 10 күн ішінде сіздің ақшаны қайтаруға құқығыңыз бар-жоғын (егер бар болса) хабарлаймыз.

Біз тауар үшін төленген соманы қайтарамыз, бірақ кез келген жағдайда сіздің электрондық пошта мекенжайыңызға тауарды қайтаруды алуға құқығыңыз туралы растауды жіберген күннен бастап 14 күн ішінде.

Егер қайтарылған тауарлардың жарамсыз немесе ақаулы екендігі расталса, сіз жеткізу шығындарын өтеуді қоса алғанда, мұндай тауарлардың құнын толық қайтаруға құқылысыз.

### **16. ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫ**

Веб-сайтта сатып алынған кез келген тауарға қатысты біздің жауапкершілігіміз, қатаң түрде сатып алынған тауар құнымен шектеледі, егер басқаша жағдай бұл Офертада немесе Қолданыстағы заңда көрсетілмесе.

Жоғарыда айтылған ережеге қарамастан біздің жауапкершілігіміз Қолданыстағы заңда қарастырылған жағдайларда алынып немесе шектеліп тастауға жатпайды.

Веб-сайтта орналастырылған барлық тауар сипаттамалары, тауар туралы ақпарат және материалдары Қолданыстағы Заңда көрсетілгеннен басқа, ешқандай айқын немесе жанама кепілдіктерсіз «сол қалпында» беріледі.

Осыған байланысты, біз сізге келісім-шартқа сәйкес келетін тауарларды жеткізуге міндеттіміз және тауарды жеткізу кезінде болған тауарлардың сәйкес келмеуі үшін сіздің алдыңызда жауаптымыз.

Тараптар тауарлардың келісім-шартқа сәйкес келетініне келіседі, егер олар:

- (i) Веб-сайтта берілген сипаттамаға сәйкес келеді және біз осы веб-сайтта көрсеткен барлық қасиеттерге ие;
- (ii) Осы түрдегі тауарлардың әдеттегі қолданыс мақсатында пайдаланылуы мүмкін;
- (iii) Олардың ұқсас түрдегі тауарларға ортақ және осы түрдегі тауардан объективті түрде күтілетін қасиеттері мен сипаттамалары бар.

Біз Қолданыстағы заңда қарастырылған және алынып тасталуға болмайтын кепілдіктерден басқа тауарға қатысты кез келген кепілдіктерді танымаймыз.

## **17. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК**

Сіз веб-сайттың бөлігі болып табылатын авторлық құқықтарға, сауда белгілеріне және басқа зияткерлік меншікке, оның ішінде оның мазмұнына айрықша құқық бізге немесе осы объектілерді пайдалану құқығын бергендерге тиесілі екенін мойындайсыз және келісесіз. Сіз көрсетілген материалдарды біз немесе соңғы пайдаланушы лицензиясы рұқсат еткен көлемде пайдалана аласыз. Көрсетілген лицензия тапсырысыңызды немесе байланыс ақпаратыңызды көшіру үшін қажетті деңгейде веб-сайтты пайдалануыңызға кедергі жасамайды.

## **18. ВИРУСТАР, БҰЗУЛАР ЖӘНЕ БАСҚА КИБЕРҚЫЛМЫСТАР**

Сіз бұл веб-сайтты тиісті емес мақсатта әдейі вирустар, трояндық бағдарламалар, компьютерлік құрт вирустары және басқа да зақымдаушы бағдарламаларды енгізу мақсатында қолданбауыңыз қажет.

Сіз бұл веб-сайтқа, осы сайт орналасқан серверге немесе аталған сайқа қатысты қандай да бір басқа сервер, компьютер немесе ақпараттық базаларға рұқсат етілмеген жолдармен кіруге әрекет етпеуге міндеттісіз. Сіз аталған веб-сайтқа қандай да бір шабуыл жасамауға міндеттенесіз.

Осы бапты бұзу Қолданыстағы заңға сәйкес құқық бұзушылық немесе қылмыс болып саралануы мүмкін. Біз кез келген осындай құқық бұзушылық немесе қылмыс туралы құзыретті құқық қорғау органына хабарлаймыз және құқық бұзушыны анықтау үшін тиісті органмен ынтымақтасамыз.

Егер сіз осы бапты бұзатын әрекеттер жасасаңыз, сіздің осы веб-сайтты пайдалану құқығыңыз дереу тоқтатылады.

Біз осы веб-сайтты пайдалану нәтижесінде залалды болып табылатын шабуылдар, вирустар және басқа да бағдарламалар, материалдардың себебінен сіздің компьютеріңізге, ақпараттық жабдықтарыңызға, мәліметтеріңіз бен материалдарыңызға келтірілген шығын немесе зиян үшін немесе осы веб-сайттан және осы веб-сайт қайта бағыттайтын веб-сайттардан контент жүктеу

кезінде келтірілген шығын немесе зиян үшін алу жауапты емеспіз.

Компания және/немесе Құқық иеленуші сіздің есептік жазбаңызды тоқтатуға, бұғаттауға немесе жеке веб-сайтты пайдалануды шектейтін немесе уақытша бұғаттайтын басқа шараларды қабылдауға құқығы бар, егер компанияның немесе құқық иеленушінің веб-сайт кибершабуыл нысанасы болғандығын жеткілікті түрде негіздесе. Бұл әрекеттер сіздің жеке деректеріңізді және веб-сайтты пайдалану кезінде бізге берген басқа ақпаратты қорғауға арналған.

## **19. БІЗДІҢ ВЕБ-САЙТТАН СІЛТЕМЕЛЕР**

Веб-сайтта басқа үшінші тарап веб-сайттары мен материалдарына сілтемелер бар болса, мұндай сілтемелер тек ақпараттық мақсаттар үшін беріледі және біз мұндай веб-сайттардың немесе материалдардың мазмұнына бақылау жасай алмаймыз.

Тиісінше, біз мұндай сілтемелерді пайдаланудан туындауы мүмкін кез келген шығын немесе зиян үшін жауап бермейміз.

## **20. ЖАЗБАША ХАБАРЛАМАЛАР**

Қолданыстағы заңға сәйкес сізге жіберілетін белгілі ақпараттар мен хабарламалар жазбаша түрде болуы қажет.

Осы веб-сайтты пайдалана отырып сіз біздің арамыздағы көптеген коммуникациялардың электронды түрде болатынына келісесіз.

Біз сізбен электрондық пошта арқылы байланысамыз немесе осы веб-сайтта ескертулерді орналастыру арқылы сізге тиісті ақпаратты беріп отырамыз. Келісім-шарттық мақсаттар үшін сіз осы электрондық байланыс құралдарын пайдалануға келісесіз және біз сізге жіберетін электронды түрде ұсынатын хабарламалар мен басқа коммуникациялардың Қолданыстағы заңға сәйкес көрсетілген құжаттардың жазбаша түрде рәсімделгенімен келісесіз.

## **21. ХАБАРЛАМАЛАР**

Сіздің тарапыңыздан жолданатын барлық хабарламалар мүмкіндігінше біздің веб-сайттағы кері байланыс формасы арқылы жіберілуі тиіс.

Төменде көрсетілген 22-бапқа сәйкес, және, егер басқа жағдайлар қарастырылмаса сіздің жеке жазбаңызды тіркеу немесе тапсырысты орналастыру кезінде көрсетілген электрондық поштаңызға немесе пошталық мекен-жайыңызға хабарламалар жібере аламыз.

Хабарландырулар электрондық пошта жіберілгеннен кейін 24 сағаттан кейін веб-сайтта жарияланғаннан кейін бірден қабылданады және қарауға немесе орындауға қабылданады деп келісесіз.

Хабарламаның берілгенін дәлелдеу үшін хат болған жағдайда оның дұрыс жазылғанын және хаттың алушыға дұрыс жеткізілгенін дәлелдеу жеткілікті; және электрондық хабарлама болған жағдайда, хабарлама алушы көрсеткен электрондық мекенжайға жіберілгенін көрсетеді.

## **22. ҚҰҚЫҚТАР МЕН МІНДЕТТЕРДІ БЕРУ**

Келісім-шарт екі тарапқа да, сонымен қатар олардың құқығына ие болушылар мен мұрагерлеріне де міндетті болып табылады. Біздің алдын ала жазбаша келісімізді алмай Шарт бойынша сіздің құқықтарыңыз мен міндеттемелеріңізді немесе осындай Шарттан туындайтын құқықтарыңыз мен міндеттемелеріңізді беруге, қалдыруға, жүктеуге немесе қандайда бір түрде терістеуге

құқығыңыз жоқ.

Осы арқылы Келісім-шарт бойынша құқықтарыңыз мен міндеттемелеріңізді толық немесе ішінара беруге, қалдыруға, жүктеуге немесе қосалқы мердігерлік аясында кез келген уақытта беруге Компанияға келісіміңізді бересіз. Түсініспеушілік туындамас үшін мұндай беру, қалдыру, міндеттеу немесе қандайда бір түрде терістеу сатып алушы ретінде сіздің Қолданыстағы заң бойынша құқықтарыңызға әсер етпейді, және біздің тарапымыздан берілуі мүмкін қандай да бір міндеттемелерді қандай да бір түрде тоқтатпайды, азайтпайды және шектемейді.

### **23. БІЗДІҢ БАҚЫЛАУЫМЫЗДАН ТЫС ЖАҒДАЙЛАР**

Біздің байсалды бақылауымыздың тысындағы жағдайлардың себебінен туындаған Келісім-шарт бойынша қандай да бір міндеттемелеріміздің орындалмауы немесе кешіктірілуі үшін жауапкершілік арқаламаймыз. (бұдан әрі – «Еңсерілмейтін күш жағдайлары»)

Еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор) біздің ақылға қонымды бақылауымыздан тыс кез келген әрекетті, оқиғаны, әрекетсіздікті немесе күтпеген жағдайларды қамтиды, соның ішінде, келесі:

- i. ереуілдер, локаут, және басқа да өндірістік қақтығыстар;
- ii. азаматтық толқулар, тәртіпсіздіктер, басып кірулер, лаңкестік шабуылдар немесе террористік шабуылдар жасау қаупі, соғыс әрекеттері (соғыс жариялаумен немесе жариялаусыз), соғыс қимылдары қаупі немесе соғыс қимылдарына дайындық;
- iii. өрттер, жарылыстар, дауылдар, су тасқындары, жер сілкінісі, көшкіндер, эпидемиялар немесе басқа да табиғи апаттар;
- iv. темір жолды, су немесе әуе көлігін, автомобиль көлігін, сондай-ақ қоғамдық және жеке көліктің басқа түрлерін пайдалана алмау;
- v. мемлекеттік немесе жеке телекоммуникация желілерін пайдалана алмау;
- vi. заңдар, ережелер және басқа да актілер, үкіметтің немесе мемлекеттік органның шектеулері;
- vii. кез келген ереуілдер, авариялар, теңіз немесе өзен көлігіндегі, пошта байланысындағы немесе көліктің басқа түрлеріндегі апаттар;
- viii. үкіметтің немесе мемлекеттік органдардың актілерімен енгізілген карантин немесе төтенше жағдай.

Сіз осы келісім-шарт бойынша біздің міндеттемелеріміз еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор) кезеңінде тоқтатылатынын түсінуіңіз қажет және бізде дәл осы еңсерілмейтін күш жағдайлары кезеңі уақытына тең қосымша уақытымыз болады, сол уақыт ішінде біз өзіміздің кешіктірілген міндеттемелерімізді орындаймыз. Біз еңсерілмейтін күш жағдайларының әсеріне қарамастан Келісім-шарт бойынша міндеттемелерімізді орындауға мүмкіндік беретін шешімді табу үшін немесе еңсерілмейтін күш жағдайларының тезірек тоқтатылуына барлық ақылға қонымды ресурстарымыз арқылы күш-жігерімізді саламыз.

### **24. ҚҰҚЫҚТАН БАС ТАРТУ**

Осы Келісім-шарт немесе Оферта бойынша біздің тарапымыздан қойылған және сіз өз міндеттемелеріңізге алған талаптардың сіздің тарапыңыздан орындалмауы немесе осы Келісім-шарт немесе Оферта бойынша белгіленген біздің құқықтарымыздың жүзеге асырылмауы мұндай құқықтардан немесе қорғау құралдарынан бас тартуды немесе біздің құқықтарымызды немесе қорғау құралдарын шектеуді білдірмейді және сізді осындай міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

Біздің тарапымыздан қандай да бір құқықтар мен құқықтық қорғау құралдардан бас тарту басқа да осы Келісім-шарт немесе Офертада бойынша белгіленген құқықтар мен құқықтық қорғау

құралдардан бас тарту болып есептелмейді.

Біздің тарапымыздан осы Офертаның қандай да бір ережелерінен немесе келісім-шартқа сәйкес ие болған құқықтар мен құқықтық қорғау құралдардан бас тарту хабарламалар жіберуді реттейтін бапта көрсетілген тәртіпке сай түрде рәсімделген және мұндай бас тарту тікелей құқықтан бас тарту болған жағдайда ғана күшіне енеді.

## **25. КЕЛІСІМНІҢ ІШІНАРА ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ**

Аталған Офертаның немесе Келісім-шарттың қандай да бір ережесі мемлекеттік орган тарапынан жарамсыз деп табылса, қалған ережелер өзінің күшін сақтайды, және олардың жарамдылығына Келісім-шарттың бір бөлігінің жарамсыз болып табылуы фактісі әсер етпейді.

## **26. ТАРАПТАР АРАСЫНДАҒЫ ТОЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР**

Бұл Оферта және осы құжатта анықтама берілген кез келген құжат, сондай-ақ веб сайтта орналастырылған тауарлар туралы кез келген ақпарат кез келген уақытта тараптар арасындағы Келісім шарт бойынша уағдаластықтың толық жиынтығын құрайды және тараптар арасында бұрын ауызша және жазбаша түрде жасалған келісім, шарттарды алмастырып отырады.

Тараптардың екеуі де бұл Офертада тікелей көрсетілген басқа жағдайларды қоспағанда осы Келісімге қол қою кезінде екінші тарап жасаған мәлімдемелерге, міндеттемелерге немесе уәделерге немесе осы шарт жасалғанға дейін тараптар арасындағы келіссөздер барысында алынған қандай да бір ауызша немесе жазбаша ақпаратқа сүйенбегенін мойындайды.

Тараптардың ешқайсысы екінші тараптың Келісімге қол қойылған күнге дейін жазбаша немесе ауызша түрде жасаған кез келген жалған мәлімдемесіне (алаяқтық мақсаттар үшін жасалған кез келген мәлімдемені қоспағанда) қатысты қандай да бір қорғау құралдарын иелену құқығы жоқ. Тарап басқа тарап Шартты бұзған жағдайда ғана құқықтық қорғау құралдарын пайдалануға құқылы.

## **27. БІЗДІҢ ОФЕРТАНЫ ӨЗГЕРТУ ҚҰҚЫҒЫМЫЗ**

Біз кез келген уақытта бұл Офертаның шарттарын қайта қарастыруға және өзгертуге құқылымыз.

Қолданыстағы заңға немесе мемлекеттік органға сәйкес осы саясаттарға өзгертулер енгізу талап етілмесе, сіз веб-сайтты пайдаланған немесе өнімге әрбір тапсырыс берген кезде қолданылатын Офертаның ережелерін, саясатын және шарттарын сақтауыңыз керек. Оферта немесе Күпиялылық саясаты және өзгертілген ережелерді бұрынғы қарым-қатынастарға тарату жағдайларын қоспағанда. Бұл жағдайда бұл өзгерістер сіз бұрын жасаған тапсырыстарды орналастыруға және орындауға байланысты қатынастарды реттейді.

## **28. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАҢ ЖӘНЕ ЮРИСДИКЦИЯ**

Осы веб-сайтты пайдалану және осы веб-сайт арқылы жасалған тауарларды сату-сатып алу шарты Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Тараптардың қарым-қатынастарынан, соның ішінде Шарттан немесе веб-сайтты пайдалануға байланысты туындаған кез келген келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының соттарында шешіледі.

## **29. КОММЕНТАРИЙЛЕР ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР**

Веб-сайтты жақсарту бойынша пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңызды құптаймыз. Сіз өз пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңызды кері байланыс формасы арқылы немесе жоғарыда 2-бапта көрсетілген мекен-жайға жібере аласыз.

## **ZARA ҚОСЫМШАСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Бұл ZARA қосымшасын қолдану ережесі (бұдан әрі- «Ереже») [www.zara.com](http://www.zara.com) веб-сайтында тауарларды қолдану және сатып алу бойынша Жария офертасына қосымша ретінде ZARA қосымшасында (бұдан әрі- «Қосымша») қолжетімді функциялар мен қызметтерге қол жеткізуді және пайдалануды реттейді.

Қосымшада қолжетімді функциялар: (i) Қосымша арқылы тауарлар сатып алу мүмкіндігі, веб-сайтта жасалған сатып алу болып есептеледі, сол себепті жоғарыда көрсетілген Офертаның шарттары қолданылады; (ii) веб-сайтта жасалған сатып алулар үшін түбіртектерді басқару мүмкіндігі, және (iii) осы мақсат үшін арнайы жасалған QR кодын көрсету арқылы Қазақстан Республикасындағы ZARA физикалық дүкендерінде электрондық түбіртек алу мүмкіндігі.

Қосымша веб-сайт сияқты Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес тіркелген және өз қызметін жүзеге асыратын компания «Ритейл Групп Казахстан» ЖШС-і тарапынан қолданылады, мекен жайы: Достық даңғылы, 192/2, 050051, Алматы қаласы, Қазақстан, бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) 090940003479 (бұдан әрі – «Компания»).

### **1. ҚОСЫМШАНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ**

#### **1.1. Қосымша арқылы веб-сайттан тауарлар сатып алу**

Сіз веб-сайтта ZARA тауарларын сатып алу үшін қосымшаны пайдалана аласыз. Осылайша, қосымшада жасалған сатып алулар веб-сайтта жасалған сатып алулар болып саналады және оларға кез келген өнімді сатып алу кезінде міндетті түрде қабылданатын Оферта шарттары қатысты болып табылады.

#### **1.2. Веб-сайтта жасалған сатып алулар үшін түбіртектерді басқару**

Веб-сайтта жасалған сатып алулар үшін түбіртектер Қосымшадағы «Сатып алулар» бөлімінде сақталады.

#### **1.3. Электронды түбіртектегі алу**

Қазақстан Республикасы аумағындағы ZARA физикалық дүкендерінде сатып алуға төлем жасаған кезде қағаз түбіртектің орнына электронды түрдегі түбіртектегі талап ете аласыз. Бұл үшін Қосымшада арнайы генерацияланған QR-кодты көрсету қажет. Түбіртек Қосымшада «Сатып алулар» бөлімінде автоматты түрде пайда болады.

Бұл жағдайда қағаз түбіртек берілмейді. **QR кодын пайдалану арқылы қағаз түріндегі түбіртектен бас тарта отырып, түбіртектегі электронды түрде сұрайсыз.**

Назарға алыңыз, Қазақстан Республикасы аумағындағы ZARA физикалық дүкендерінде қайтару жасаған кезде Қолданыстағы заңның талаптарына сәйкес **Қосымшадағы электронды түбіртектің қағазға басылған түріндегі нұсқасын көрсетуіңіз қажет.**

Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, электрондық түбіртектерді реттейтін заңнамалық

актілер және осы Шарттар бағынатын актілер басым күшке ие.

Егер сіз веб-сайт қолданушысы ретінде өзіңіздің аккаунтыңызды жоюға шешім қабылдасаңыз сізде Қосымшада сақталған түбіртектеріңізді өзіңіз тарапыңыздан көрсетілген электрондық поштаға жіберуді өтінуге мүмкіндігіңіз бар.

#### **1.4. Түбіртектерді сканерлеу**

Егер де сізде қағаз жүзіндегі түбіртек бар болса түбіртектегі QR-кодты сканерлеу арқылы оның цифрлық көшірмесін жасауыңызға болады.

### **2. ҚОСЫМША ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ**

Қолданыстағы заңды ескере отырып, біз кез келген уақытта өз қалауымыз бойынша және алдын ала ескертусіз бір немесе бірнеше пайдаланушылар үшін қосымшаның кез келген мүмкіндіктерін, сондай-ақ толық немесе ішінара өзгертуге, тоқтата тұруға немесе жоюға, сондай ақ жоғарыда көрсетілгендей, қосымшаға немесе оның кез келген қызметтері мен функцияларына қолжетімділікті өзгертуге, тоқтатуға немесе шектеуге құқылымыз.

### **3. ЖАУАПКЕРШІЛІК**

Қосымшаны пайдалану нәтижесінде сізге келтірілуі мүмкін кез келген зиян үшін Компания жауапты емес, тек жауапкершілікті шектеуге Қолданыстағы заңдармен жол берілмеген жағдайдардың тысында.

Осы арқылы сіз Қосымшаны тек ол көзделген мақсаттарда пайдалануға және сондықтан оны теріс пайдаланбауға немесе алаяқтық мақсаттарда пайдаланбауға келісесіз, Сіздің тарапыңыздан Қосымшаны дұрыс пайдаланбаудың нәтижесінде туындауы мүмкін кез келген залал үшін Компанияның және/немесе кез келген үшінші тараптың алдында жауапты боласыз.

Сіз келесі жағдайларда жауапкершілік атқарасыз:

- a. Жағдайларға байланысты, Қосымшамен байланыстырылған жабдық немесе құрылғы үшін, SIM карталарыңыз, электрондық пошта мекенжайлары және/немесе келісіміңізбен үшінші тараптар пайдаланатын кез келген құпия сөздер үшін;
- b. Сіздің жабдығыңыздың, бағдарламалық қамтамасыз ету немесе құрылғылардың дұрыс жұмыс істемеуі немесе қосымшаны пайдаланып жатқан құрылғыда орнатылған қажетті қауіпсіздік шараларының болмауы нәтижесінде Қосымшаның әртүрлі мүмкіндіктерін пайдалану кезінде қателер немесе сәтсіздіктер орын алса.

### **4. ҚОСЫМШАНЫ ҚОЛДАНУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ЖӘНЕ БАСҚА ҚҰҚЫҚТАР**

Қосымшаның бөлігі және оның контенті болып табылатын кез келген авторлық құқық нысандары, тауарлық белгілер, сондай ақ басқа да зияткерлік меншік нысандары Компанияға және осы көрсетілген нысандарды пайдалануға құқық берген үшінші тұлғаларға тиеселі болып табылады. Осы жоғарыда айтылғандардың барлығы бұдан әрі «Зияткерлік меншік» болып аталады.

Осы арқылы пайдаланушылар келесілерді жоймауға, өшірмеуге, өзгертуге немесе басқа да жолдармен өзгертулер енгізбеуге келіседі:



- Компания және оның заңды құқық иеленушілері Зияткерлік меншігі қамтитын белгілер, ескертпелер, таңбалар және символдар;
- Зияткерлік меншікті қамтуы мүмкін қауіпсіздік немесе сәйкестендіру техникалық құрылғылары (мысалы, су белгілері және сандық саусақ іздері). Компания пайдаланушыларға Зияткерлік меншік құқығын қалдырмайды немесе бермейді.

Компания пайдаланушыларға Зияткерлік меншікке тек осы Шарттарға сәйкес қол жеткізуге және пайдалануға рұқсат береді.

Пайдаланушылар пайдалану құқығының заңды иесінің тікелей жазбаша келісімінсіз толық немесе ішінара Зияткерлік меншікті көшіруге, таратуға (соның ішінде электрондық пошта немесе Интернет желісінде), беруге, хабарлауға, өзгертуге, түрлендіруге, тағайындауға немесе кез келген коммерциялық мақсатта пайдалануға құқығы жоқ.

Зияткерлік меншікке қол жеткізу және пайдалану әрқашан және барлық жағдайларда жеке және коммерциялық емес мақсаттарда жүзеге асырылады.

Компания Зияткерлік меншікке қатысты барлық құқықтарды, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, өзіне тиесілі барлық зияткерлік және өнеркәсіптік меншік құқықтарын сақтайды.

Компания пайдаланушыларға осы тармақта тікелей көрсетілгендерден басқа, өзінің зияткерлік меншігін пайдалануға ешқандай лицензия немесе рұқсат бермейді. Компания осы Шарттарға сәйкес берілген лицензияларды кез келген уақытта және кез келген себеппен тоқтату немесе өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, Компания кез келген әрекетке қатысты құқықтық шараларды қолдана алады:

- осы Ережелердің шарттарында көрсетілгендерге сәйкес келмесе;
- Компанияның немесе кез келген сыртқы құқық иеленушісінің зияткерлік және өнеркәсіптік меншік құқықтарын немесе басқа құқықтарын бұзады немесе зиян келтіреді, және немесе Қолданыстағы заңды бұзатын болса.